

«Атырау облысы
Білім беру
басқармасының Индер
ауданы білім бөлімінің
«Махамбет атындағы
орта мектебі»
КММ



КГУ
«Средняя школа имени
Махамбета» отдела
образования Индерского
района Управления
образования Атырауской
области

Бұйрық

3 тамыз 2023 № 107
Жарсуат ауылы

Приказ

село Жарсуат

**«Мектепке жол» акциясын
өткізу және жалпыға міндетті
білім беру қорындағы
қаржыны игеру туралы**

«Қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысын, ата-аналардың келіп түскен өтініштері және жалпыға міндетті білім беру қорынаң материалдық көмекті бөлу туралы қамқоршылық кеңесінің шешімі негізінде (кеңесінің отырысының 2023 жылғы 3 тамыздағы хаттамасы)

БҰЙЫРАМЫН:

1. Махамбет атындағы орта мектепте 2023-2024 оқу жылы бойынша «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылып өткізілсін.
2. Жалпыға міндетті білім беру қорынаң аз қамтылған, көмекке мұқтаж отбасы балаларына мектеп формасы және оқу құралдарымен қамту мақсатында қаржыны бөлу және «Мектепке жол» жалпы республикалық дәстүрлі акциясын ұйымдастырып өткізу үшін қамқоршылық кеңесінің мәжілісі өткізілсін.
3. Қамқоршылық кеңес анықтағандай аз қамтылған, көмекке мұқтаж отбасы балаларының құжаттарын жинақтап тапсыру әлеуметтік педагог А. Кадирибетоваға міндеттелсін.
4. 2023 жылғы тамыз айында жалпыға білім беру қорынан бөлінген 486804 (төрт жүз сексен алты мың сегіз жүз төрт) теңге мөлшерінде қаражатты игеру мақсатында АӘК көмек алатын отбасылар балалары және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін әлеуметтік пакетті (оқуға керек-

жарақтар, мектеп формасы, аяқ киім) сатып алу үшін ата-анасының жеке есеп шоттарына қаражат жіберу бас бухгалтер Қ. Тулепкалиеваға міндеттелсін.

5. Осы бұйрықтың орындалауын қадағалау және басшылық жасауды өз міндетіме қалдырамын.

Мектеп директорының м.а:



Қ.Ж. Адилбаев